

«№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасы»

Ақбота кіші тобы

Жоба:

«Тәрбие тамыры- ұлттық құндылықтарда»



Дайындаған: Биманова Д.Т

Отбасындағы ұлттық құндылықтар

Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Адам баласының өсіп-өнетін алтын ұясы. Сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай ғана Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю – өзіңнің отбасынан басталады. Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы баспалдағы.

Ал ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Отбасын сақтап қалу үшін қолданатын ежелден келе жатқан қазақтың салт-дәстүрі, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Ол дегеніміз – тілі мен ділі, өнері, әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, ұлттық тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын ерекшеліктері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан оны әр ұлттың ұрпақтары құндылықтарымызды сақтап, заманына қарай дамытып отыруымыз керек. Ата-бабамыздан қалған мұра – киіз үй туралы бала бойына сіңіру ұлттық құндылығымыздың шаңырағын құрметтеу болып табылады. Ендеше бүгінгі жобамызға қатысушылар «Ақбота» тобының толық отбасымен таныс болыңыздар.

**Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта.
Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы
ұжымы.**



Ата- аналармен жұмыс:


Мынадай жақсы қағидаға сүйенсек: **«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»-** дейді Әл – Фараби.

Тәрбие-неден басталады?

-Иә, Отбасынан.

Олай болса: **«Баланың бас ұстазы – ата-анасы», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»** . Бұрынғы ата-әжелеріміз баланы етегіне ерітіп жүріп, еңбекке баулыған , тәлім-тәрбие берген. Олай болса, отбасындағы **«Ата мен немере»** әңгімесіне куә болайық.

«Бақша ағаштары».



Бесік жыры

Бесік той



Әлди, әлди бөпешім,
Әнімді айтып берейін.
Аялап, сені жүрейін,
Өскенінді, көрейін.
Былдырлаған тіліннен,
Айпалайын бөпешім.
Таптым, бакыт өзіңнен,
Ұйықтай ғой, енді
көкешім.



Ал, қазақтың ұлттық бұйымы бесіктің пайдасын өмірдің өзі дәлелдеп, осы уақытқа дейін жетіп отыр. Баланың таза болуы, ұйқысының тыныш болуы өз алдына, баланың ана құрсағынан жарық дүниеге келген соң табиғи өсуіне әсер етеді. Жапон медицинасында дәлелденген зерттеуі бойынша: **«Сәби өмір есігін ашпас бұрын, ана құрсағында 9 ай 9 күн жүріп тербеліске түседі. Алайда өмір есігін ашқан соң жарық дүниеге бірден үйлесе алмайды. Сондықтан оны ана құрсағындағыдай әлдилеп, тербетіп отыру керек»** деген қорытынды жасайды. Міне, қазақ халқының ұлылығы, осы процестерді өзінің өміріне пайдаланып, бала жарық дүниеге бейімделгенше, бесікке бөлеп, баланың бетін көлеңкелеп жауып тербетіп, бесік жырын айтып отырған. Бесікке салған соң, үйдің үлкен атасы немесе әжесі сәбиге арнап **«бата»** берген.

Бесік тойға арналған бата:

Нәрестенің бауы берік болсын,
Ата-анасына серік болсын!
Азамат болып ер жетсін,
Ақсақал болып терлетсін,
Азамат болсын көрікті,
Ғұмыры ұзын берікті,
Қол қанаты көп болып,
Артынан ерте берсін серікті, ‘
Азамат болсын ардақты,
Мінезі болсын салмақты,
Өнері болсын жан-жақты,
Осы айтқанның бәрі келіп,
Алла берсін зор бақты,
Әумин!..



Ұлттық ойындар

Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді.

«Теңге алу» «Хан талапай», «Асық ату», т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді. Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін айқындап көруге болады.

Сонымен бірге асықпен ойналатын ойын «**Ұлттық құндылықтар**» деп аталады. Ортаға 3 адам шығу керек. Шарты: Асықтың түстеріне қарай, қолдарындағы асық бойынша ұяшықта жасырылған суреттерді атайды және оны әңгімелейді.



Қорытынды

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл – Фараби.

Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, мейірімділік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді.

Сонымен қорыта келе, «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз»-дегім келеді.